	<p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарларының қандай пайдасы бар?» Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін толықтыру; үй жануарлары мен жабайы жануарлардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету. 3.Сурет салу Тақырыбы: «Қой» Мақсаты: қойдың суретін, оның өзіндік ерекшеліктерін бере отырып, сала білуге үйрету. Қойдың дене құрылысы туралы ұғымды бекіту. Бояулармен сурет салу машығын дамыту. Ұқыптылыққа, бейнелеу үшін түрлі материал қолдануға құмарлыққа тәрбиелеу. 4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сүйкімді қошақандар» Мақсаты: Балаларды бір орында айнала бұрылу, үш қатар сапқа тұруды үйрету.Арқан, жіп үстінен тура және бір қырымен жүруді жаттықтыру. Балалардан үйді немен тұрғызатыны туралы сурау. Өз ойларын толық жеткізуге мүмкіндік беру.</p>	<p>үйрету; ә) балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту; б) б) ұқыптылыққа тәрбиелеу. 2.Орыс тілі. Тақырыбы: «Домашние животные.Цикл развития,среда обитания,уход,польза» Мақсаты: Познакомить с новыми словами по теме «Домашние животные». Развивать разговорную речь, умение отвечать на вопросы, обогащать словарный запас (корова, теленок, козы, овца, верблюды). 3.Музыка Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер» Мақсаты: Орындаушылық дағдыларды: дыбысты дұрыс құрауды, дауыс ырғағын тазалығын, есту қабілеттерін дамыту.Әндерде, билерде балалардың музыкалық аспаптарында ойнаған суырып салмалық қабілетін ұштап,шығармашылық қабілетін шындау</p>	<p>Заттардың арасынан шашырай 2 минутқа дейін жүгіру.Кубиктерден үй жасап үйрету 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Ғ» дыбысымен және әрпімен таныстыру Мақсаты: Буындарды оқу: ҒА, ҒҰ, ҒЫ, ҒО, ҒӨ, ҒАРЫШ. Дауысты және дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыс ерекшелігі туралы түсінік беру. Өрнектер салу, штрихтау 3.Апликация Тақырыбы: « Мысық» Мақсаты: Мысықты жапсыру барысында төзімділікпен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, әңгіме барысында танымдық белсенділігін арттыру, ойлауын қиялын дамыту. Жан-жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Тақырыбы: «Domestic animals» Мақсаты: Балаларға үй жануарларымен және олардың төлдерін дұрыс айта білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту.Балалардың танымдық білімдерін кеңейту. Балаларға жануарлар туралы жұмбақтар жасырып, шешуін табуға үйрету. Ойлау қабілеттерін жетілдіру. үй жануарларына деген сүйспеншілікке тәрбиелеу. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сүйкімді қошақандар» Мақсаты: Балаларды әр бұрышта шыр айнала бұрылып жүру, саптан бір-бірден жан-жаққа тарау.Аяқтың ұшымен, өкшемен, белгі бойынша айнала бұрылып жүру. Заттардың арасынан шашырай 2 минутқа дейін жүгіру.Кубиктерден үй жасап үйрету 4.Музыка Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер» Мақсаты: Орындаушылық дағдыларды: дыбысты дұрыс құрауды, дауыс ырғағын тазалығын, есту қабілеттерін дамыту.Әндерде, билерде балалардың музыкалық аспаптарында ойнаған суырып салмалық қабілетін ұштап,шығармашылық қабілетін шындау</p>	<p>жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу. 2.Құрастыру Тақырыбы: «Күшіктер» оригами әдісі Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейте отырып, түрлі-түсті қағаздан бүктеу әдісі арқылы күшікті жасауға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Еңбек нәтижелеріне жете білуге тәрбиелеу. 3.Көркем әдебиет Тақырыбы:«Құлыншақ» Н.Ораз Мақсаты: Үй жануарлары туралы және олардың адамға пайдасы туралы түсінік беру. Сөздік қорын молайту. Жануарлар деген қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>
--	--	--	--	--	---

<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру</p>				
<p>Серуен</p>	<p>1.Бақылау. Адамдардың күзгі еңбегін бақылау. Мақсаты: Балаларды үлкендердің еңбегін бағалауға,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. 2.Еңбек. Қоқыстарды жинап шелекке саламыз Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 3.Қимылдық ойын: « Ұшак » Мақсаты:Балаларды</p>	<p>1.Бақылау. Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау. Мақсаты: құстарды тануға,дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу 2.Еңбек. Ағаштың жапырақтарын тазалауға көмектесу. Мақсаты : қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету</p>	<p>1.Бақылау. Адамдардың күзгі еңбегін бақылау. Мақсаты: Балаларды үлкендердің еңбегін бағалауға,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. 2.Еңбек. Қоқыстарды жинап шелекке саламыз Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 3.Қимылдық ойын: « Ұшак</p>	<p>1.Бақылау. Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау. Мақсаты: құстарды тануға,дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу 2.Еңбек. Ағаштың жапырақтарын тазалауға көмектесу. Мақсаты : қарапайым тапсырмаларды орындауға</p>	<p>1.Бақылау. Адамдардың күзгі еңбегін бақылау. Мақсаты: Балаларды үлкендердің еңбегін бағалауға,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. 2.Еңбек. Қоқыстарды жинап шелекке саламыз Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>

	кеңістікті бағдарлай отыра шапшаң жүгіруге дағдыландыру, жолдастарымен татулықта ойнауға баулу. 4. Жеке жұмыс. Сан құрамын жатқа білмейтін, балаларға құрамды жатқа білуге, жаттықтыру. 5. Еркін ойындар. Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау	3. Қымылды ойын: «Көтермек» Мақсаты: Бір-біріне қақтығысып құлап қалмауға үйрету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру. 4. Жеке жұмыс: Әңгіме құрастыру «Бәрі мен жайында» Мақсаты: баланың сөздік қорын дене мүшелерін білдіретін сөздермен байыту. 5. Еркін ойындар. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.	» Мақсаты: Балаларды кеңістікті бағдарлай отыра шапшаң жүгіруге дағдыландыру, жолдастарымен татулықта ойнауға баулу. 4. Жеке жұмыс. Сан құрамын жатқа білмейтін, балаларға құрамды жатқа білуге, жаттықтыру. 5. Еркін ойындар. Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау	үйрету 3. Қымылды ойын: «Көтермек» Мақсаты: Бір-біріне қақтығысып құлап қалмауға қарым-қатынасты қалыптастыру. 4. Жеке жұмыс: Әңгіме құрастыру «Бәрі мен жайында» Мақсаты: баланың сөздік қорын дене мүшелерін білдіретін сөздермен байыту. 5. Еркін ойындар. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.	3. Қымылдық ойын: « Ұшақ » Мақсаты: Балаларды кеңістікті бағдарлай отыра шапшаң жүгіруге дағдыландыру, жолдастарымен татулықта ойнауға баулу. 4. Жеке жұмыс. Сан құрамын жатқа білмейтін, балаларға құрамды жатқа білуге, жаттықтыру. 5. Еркін ойындар. Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Балалардың дұрыс жуынуын қадағалау.				
Түскі ас	Астарың дәмді болсын! Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Дастарқан басында тұзу отыруын, тамақты шашпай жеуін қадағалау				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	Бесік жыры «Әлди әлди» әніне ұйықтату. Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	Аудио ертегі тыңдату Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	« Бай мен кедей» Ертегі айтып беріп ұйықтату Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	« Мақта қыз бен мысық» Ертегі айтып беру Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	Бесік жыры «әлди » әнін тыңдату Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	2. Керует жанындағы жаттығулар 1. Б.к.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау . 2. Б.к.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу. 3. Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (7- 8 рет) Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				
Бесін ас	Астарың дәмді болсын! Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	1. Сюжеттің ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Дәрігер мамандықтар туралы білімдерін кеңейту.	1. Сюжеттің ойын: «Менің отбасым» 2. Д/о: «Кімге не қажет?» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын көбейту.	1. Вариативтік компонент «Әдептілік әліппесі» Тақырыбы: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» Мақсаты: Сыпайы сөйлеуге, әдептілікке баулу. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сыпайы сөйлеу де өнер, әдептілік, әдемілік не екенін түсіндіру. Сыпайы сөздер адам жанына жылулық, ізгілік, татулық әкелетінін түсіндіру. 2. Д/о: "Допты ұста (жемістер, көкөністер, көліктер,) атап бер"	1. Вариативтік компонент: «Логика» Тақырыбы: «Артық-кем айырмашылығын тап» Мақсаты: Артық нәрсені тауып өрнекті жалғастырып салуға дағдыландыру. Түстерді ажырата білуге баулу. 2. Д/о: "Бағдаршам" Мақсаты: Бағдаршамның түстерін ажырата білу.	1. Вариативтік компонент: «Биле, биле, балақай» Тақырыбы: «Доп» биі Мақсаты: Балаларды ырғақты «Доп» биінің қимылдарымен таныстыру. Әуенге сай доппен ырғақты, мәнерлі билей білуге үйрету. Балалар қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. 1. Ертегілер еліне саяхат. Қуыршақ театры арқылы ертегі айту. 2. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю.

			Мақсаты:балалардың тілдерін дамыту.		
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сартаймен «Берілген дыбыспен сөздерді ата» Ойынның мақсаты: берілген дыбысқа сөз ойлап табу үйрету.	Нұрали таныс ертегілерді мазмұнын айтып береді.	Мұхаммедпен барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстайды.	Әлинұр үлгі бойынша әңгіме құрастыра алады, шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндайды.	Нұрай дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстайды.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Көкөністердің түстерін үш тілде ата», «Тез жалғастыру?» және т.б.				
Балалардың үйге қайтуы	Маликаның ата-анасымен әңгімелесу: түрлі пішіндегі және көлемегі таныс заттарды түрлі тәсілдерді қолданып, мүсіндей алады.	Балаусаның ата-анасымен әңгімелесу: Балаусаға музыкалық ойыншықтармен аспаптарды таниды.	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, тәртібі жайлы әңгіме лесу.	Ата-аналар сауалдарына жауап беру.	Ата – аналармен сұхбат. «Баламен қазақша сөйлесеміз!».

Тексеру күні ----- 2019ж

Бекітемін: Уразалина С.Б.

Қараша айының III апта 18-22 аралығындағы ересектер №2 «Қарлығаш» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі ай тақырыбы: «Табиғат әлемі»

Тәрбиеші: Қожахмет Л

Апталық тақырыбы: «Жабайы жануарлар. Жануарлар қысқа қалай дайындалады?»

Мақсаты: балалардың тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту;

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.11.2019ж	Сейсенбі 19.11.2019ж	Сәрсенбі 20.11.2019ж	Бейсенбі 21.11.2019ж	Жұма 22.11.2019ж
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: біз батыл және ептіміз туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Саусақ ойындары Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жағыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.	Құрылыс ойындары "Жиһаз құрастыру" Мақсаты: Кірпіштерден жиһаз құрастыру.	Дидактикалық ойындар «Менің кім болып жұмыс істейтінімді тап» Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін бекіту.	Санамақтар айтқызу Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық.. Сен, қал! Сен, шық!	Үстел үсті ойыны «Бұл қандай құс?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! . Үстел басында дұрыс отыруын, қасықты дұрыс ұстауын қадағалау.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Дидактикалық ойындар: «Мамандық түрлерін ата» Мақсаты: мамандық түрлерін атай білу, оларды айыра білу.	Ойын-тренинг Біз күштіміз, Біз ептіміз Қашанда біз алдамыз! Біз қайсармыз, Біз алғырмыз Біз жеңіске жетеміз!	Жыл мезгілі және қандай ай, қандай апта күні екені туралы әңгімеге тарту. Күз мезгілінде неше ай бар? Қазір қандай ай? Қандай апта күні?	Үлкенгенге құрмет Кішіге ізет Мақалдың мағынасы туралы әңгімелесу Мақсаты: Үлкендерге құрмет көрсетіп, еңбектерін бағалай білуге, өзінен кішіге қол ұшын беріп көмектесу туралы түсініктерін қалыптастыру.	Сөздік ойын «Сыңарын тап» Мақсаты: Балаларға әр жануарлардың төлдерінің атауларын дұрыс айта білуге дағдыландыру.. Жылдамдылыққа дағдыландыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас тырылған оқу кестесі	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Тиін» Мақсаты: Жабайы аңдар: аю, қоян, түлкі, қасқыр туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыра отырып, тиінмен таныстыру. Тиіннің көректенуі, қысқы тіршілігі туралы білімін кеңейту. Жануарлар әлеміне танымдық қызығушылығын,	1. Ағылшын тілі Тақырыбы: «Wild animals» Мақсаты: Балалардан «Үйшік» ертегісінің кейіпкелерін сұрай отырып, олард ағылшын тілінде үйрету. «big and small» ойыны арқылы сөздер ойлап табуға ықпал жасау. Балаларды зейінді болуға тәрбиелеу. Ағылшын тіліне деген қызығушылықтарын арттыру. 2. Өзін –өзі тану Тақырыбы: Отбасылық мерекелер	1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Зообақта» Мақсаты: а) балаларды «ұзақтық» (уақыт) терминімен таныстыру; уақытты сипаттайтын сөздерді (кеше, бүгін, ертең, бүгінгі, ертең, күндіз, кеш, түн) қайталау; апта күндері туралы түсініктерін нақтылау; ә) 4 саны көлемінде санау қабілетін ұштау; 1,2,3,4	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Р» дыбысымен және әрпімен таныстыру Мақсаты: «АРА», «АРПА» сөздеріне дыбыстық талдау жасау. Буындарды оқу: РА, РҰ, РО, РӨ және қысқа сөздерді оқу: АРА, ОР, НАР. Сөйлем құрау. Сөйлеммен танысайық. Балаларға сөйлем туралы түсінік	1. Драма Тақырыбы: «Ақылды лақ» (қуыршақ театры) Мақсаты: Әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің бейнесін бере білуі, өз әрекетін серіктесінің әрекетімен сәйкестендіре отырып, түрлі ырғақта қозғалуды қалыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, шыдамдылыққа

	<p>камқорлық сезімін ояту. әр түрлі мезгілдерге байланысты түстерінің өзгеріп отыруын өзгерту</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Аңдар қысқа қалай дайындалады?» Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру. Себеп-салдар байланысын анықтай білуге үйрету.</p> <p>3. Сурет салу Тақырыбы: "Қонжық" Мақсаты:Балаларға жабай жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың мекендейтін жерін, немен қоректенетінін және әр кезеңде қандай болатыны туралы түсіндіру. Мазмұнды композиция құрастыра білуге, өз қалаулары бойынша таңдауларына ерік беріп, композицияны дұрыс құрастыруға үйрету. Сурет салу барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, шығармашылық ой-қиялдарын дамыту.</p>	<p>Мақсаты: «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, қуанышты көңіл күй сыйлау дағдыларын қалыптастыру, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «ормандағы қауіптер»</p> <p>4. Музыка Тақырыбы: «Аңдардың айтысы» Мақсаты: Балаларды табиғи дауыспен ән салуға, күштенбей , сөзімен дыбысты таза және анық, кіріспе музыкадан кейін әнді бастауға, музвқалық сөздің арасында тыныс алуға үйрету</p>	<p>заттың жиынтығын анықтау және оларды цифрмен өрнектеу; б) уақытты үнемдеуге тәрбиелеу</p> <p>2. Апликация. Тақырыбы: "Сұр қоян" Мақсаты:Балаларға жабай жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың мекендейтін жерін, немен қоректенетінін және әр кезеңде қандай болатыны туралы түсіндіру. Мазмұнды композиция құрастыра білуге, өз қалаулары бойынша таңдауларына ерік беріп, композицияны дұрыс құрастыруға үйрету. Жапсырма барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, шығармашылық ой-қиялдарын дамыту.</p> <p>3. Орыс тілі. Тақырыбы: «Мир диких животных. Подготовка животных к зиме, образ жизни в разное время года. Красная книга Казахстана» Мақсаты: Расширить знания детей о диких животных. Совершенствовать навыки правильного произношения специфических звуков. Воспитывать заботливое отношение к животным. Пополнить словарный запас детей (волк, лиса, медведь, берлога, заяц, белка, нора, дупло, бегемот). Ознакомить с образом жизни диких животных зимой. Рассказать детям о среде обитания этих животных, о животных которые вошли в Красную книгу Казахстана. (красный волк, бурый медведь, гепард, бархатный кот, манул, каракал, рысь, снежный барс)</p>	<p>беру.Суретке қарап сөйлем құрау.Жоғарғы және төменгі жағында имектері бар ұзын және қысқа таяқшаларды салу.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: « Табиғаттағы тіршілік» Мақсаты: Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі. Қысқы өзгерістермен тіршілігімен таныстыру. Жануарларға қам қор болуға үйрету.</p> <p>3.Музыка Тақырыбы: «Аңдардың айтысы» Мақсаты: Балаларды табиғи дауыспен ән салуға, күштенбей , сөзімен дыбысты таза және анық, кіріспе музыкадан кейін әнді бастауға, музвқалық сөздің арасында тыныс алуға үйрету</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>2. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бұғы» (Дымков ойыншығы бойынша) Мақсаты: Дымков ойыншығын жасауға, сәндік мүсіндеу өнерін үйрету. Мүсіндеу іскерліктерін, қол саусақ моторикасын дамыту. Өнерді бағалай білуге тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.</p> <p>3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қояндар мен аюлар» Мақсаты:Зал бойы аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, сапқа тұру, бір саптан ұш сапқа тұру, қолды алға созып сап түзеу, шашырап, ирелендеп, белгі бойынша бастаушыны ауыстыра жүгіруге жаттықтыру.</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				

Серуен	<p>1.Бақылау. Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер»деген ұғымды қалыптастырып, қамқорлықпен қарауға үйрету.</p> <p>2.Еңбек. Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>3.Қимылдық ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p> <p>4.Жеке жұмыс. Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>5.Еркін ойындар. Өткеншекке ойнау, оларды бақылау.</p>	<p>1. Бақылау. Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау. Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін жалғастыру. Оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу.</p> <p>2.Еңбек. Жерге түскен ағаштың бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балаларды жұмыстарын ұқыпты жасауға үйрету.</p> <p>3.Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p> <p>4.Жеке жұмыс. Жұмбақтар шешейік. Мақсаты: балаларды тапқырлыққа баулу.</p> <p>5. Еркін ойындар. Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау.</p>	<p>1.Бақылау. Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер»деген ұғымды қалыптастырып, қамқорлықпен қарауға үйрету.</p> <p>2.Еңбек. Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>3.Қимылдық ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p> <p>4.Жеке жұмыс. Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>5.Еркін ойындар. Өткеншекке ойнау, оларды бақылау.</p>	<p>1. Бақылау. Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау. Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін жалғастыру. Оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу.</p> <p>2.Еңбек. Жерге түскен ағаштың бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балаларды жұмыстарын ұқыпты жасауға үйрету.</p> <p>3.Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p> <p>4. Жеке жұмыс. Жұмбақтар шешейік. Мақсаты: балаларды тапқырлыққа баулу.</p> <p>5. Еркін ойындар. Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау.</p>	<p>1.Бақылау. Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер»деген ұғымды қалыптастырып, қамқорлықпен қарауға үйрету.</p> <p>2.Еңбек. Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>3.Қимылдық ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p> <p>4.Жеке жұмыс. Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>5.Еркін ойындар. Өткеншекке ойнау, оларды бақылау.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Астарың дәмді болсын! Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	Аудио ертегілер тыңдату. Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	«Құлыншағым» әнін музыкалық құралдан тыңдату. Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	«Бесік жыры» әндерін музыкалық құралдардан тыңдату. Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	Аудио ертегі тыңдату Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	«Ерте-ерте ертеде » ертегі айтып беру. Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары</p>	<p>№ 2 Керуегтегі жаттығулар Ояну жаттығу. - «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. - «Оянамыз көздерім!»- бинокльге қараймыз. - «Қайырлы таң құлақ!» - құлақты сипаймыз, «Оянамыз, құлақтар!» - алақанды тосамыз. - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз. (6-7 рет) Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Астарың дәмді болсын! Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.</p>				
<p>Ойындар, дербес әрекет</p>	<p>Ертегі елінде «Қарлығаш пен дәуіт» Мақсаты:Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға,жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.</p>	<p>1.Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. 2. Сюжеттік ойын: «Дүкенші». Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту</p>	<p>1.Вариативтік компонент «Әдептілік әліппесі» Тақырыбы: «Қайырымдылық жасау үлкен қуаныш» Мақсаты: Сюжетті суреттер арқылы әңгімелеу.Жағымсыз әдеттерден аулақ болуға үйрету. Адамгершілік қасиеттерін дамыту. Балаларды шыншылдыққа,адалдыққа тәрбиелеу.Рухани адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу, біреудің затын алуға болмайтынын, ұрлық жасаудың жаман әдет екенін түсіндіру. 2«Мақтақыз бен мысық» ертегісін сахналау Мақсаты: Сөздік қорларын дамыту</p>	<p>1.Вариативтік компонент: «Логика» Тақырыбы: «Заттарды топтастыру» Мақсаты: Бейнелеген заттарды артығын табу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. 2. .Дидактикалық ойын: «Нені қайда салады?» (қантты – қант салғышқа және т.б.) Ойынның мақсаты: Ыдыс аяқ түрлерін ажырата білуге үйрету</p>	<p>1.Вариативтік компонент: «Биле,биле, балақай» Тақырыбы: «Қазақ» биі Мақсаты: Балаларға қазақ биін үйрету рухани үлгі. Қазақ биінің мәдениетін ауызша түсіндіріп, әуенін тыңдатып, қимылдарын көрсетіу. табиғат сұлулығын би арқылы сезіммен жеткізуге үйрету. Қазақ биін билеу кезінде аяқтың, қолдың, белдің әдемі қозғалуын қадағалау және патриоттық сезіммен билеуге үйрету. 2. 1 желтоқсан күніне дайындық. Балалардың өлеңдерін, тақпақтарын жаттату. 3.Табиғат бұрышындағы гүлдерді суарып, шандарын сүрту</p>
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>Алихан : Торғай,торғай,тоқылдақ Жерден дәнді шұқып -ап Бөтекесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Мақсаты: Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып,сөздік қорларын дамыту.</p>	<p>Алимжан дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» Мақсаты: Балалардың әріптерді дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.</p>	<p>Дәурен аяқталмаған жұмысын соғына дейін орындауға дағдыландыру. Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>	<p>Азиза дидактикалық ойын «Атын атап бер» Мақсаты:түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>	<p>Әлимансұрмен сан құрамын жатқа білмейтін, балаларға құрамды жатқа білуге, жаттықтыру.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>.Қимылдық ойын: «Өз жұбыңды тап» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p>				

Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Бала қауіпсіздігі»	Кеңес: «Жол жүру ережесін сақта!».	Психолог кеңесі: «Баланың тілі қалай дамиды.»	Балалардың тәртібі туралы әңгіме жүргізу.	«Алақай ойындар» Ата-анаға демалысты балаңызбен бірлесе -қызықты өткізу керектігін айту.
-------------------------------	--	---------------------------------------	--	--	--

Тексеру күні ----- 2019ж

Бекітемін: Уразалина С.Б.

Қараша айының IV апта 25-29 аралығындағы ересектер №2 «Қарлығаш» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы
 Өтпелі ай тақырыбы: «Табиғат әлемі» Тәрбиеші: Қожахмет Л

Апталық тақырыбы: «Су қойма мекендеушілері»

Мақсаты: балалардың тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту;

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.11.2019ж	Сейсенбі 26.11.2019ж	Сәрсенбі 27.11.2019ж	Бейсенбі 28.11.2019ж	Жұма 29.11.2019ж
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: спорт туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	Саусақ ойындары Алақанымызды өзімізге қаратып жайып, екі басбармақты айқастырамыз. Алақанымызды құс қанатын қаққан секілді қозғалыстыр жасаймыз. (Бірнеше рет қайталау)	Құрылыс ойындары «Кім жылдам құрастырады?» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойындар "Қандай түс?" Мақсаты: Балаларға түстерді ажыратуға үйрету	Санамақтар айтқызу Бір дегенім- бүркіт, Қалады аңдар үркіп, Екі дегенім – ешкі, Қорамызды тесті, Үш дегенім – үйім, Үйде жақсы күйім. Төрт дегенім – түлік, Жүрші мұны біліп. Бес дегенім – бесік Шықтық одан өсіп	Үстел үсті ойыны Үстел үсті театры арқылы ертегі құрастырып айту.
Танертеңгілік гимнастика (5 мин)	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Дидактикалық ойын: «Ұқсас пішінді тап?»	Дидактикалық ойын: «Көршісін тап»	Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла»	Сөздік ойын: Бұл қай ертегі?	Қыс және күз жыл мезгілдеріне байланысты ерекшеліктерді ажырат
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күз» (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін сезінуге, әңгімелеп айтып бере білуге дағдыландыру, тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Іс қимыл әрекетті білдіретін сөздерді (жинады, тазартты) айтуға үйрету. Ауызша сөйлеу тілінде грамматикалық категорияларды (байланыстырып әңгіме құрастыруға), оқылған шығарма бойынша үйренген жаңа сөздерді қолдана білуге үйрету. Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңін әңгімелету.	1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Біздің табиғат бұрышымыз» Мақсаты: а) балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық фигуралармен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету; кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру; ә) балалардың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту; б) сұраққа толық жауап беруге тәрбиелеу. 2. Орыс тілі. Тақырыбы: «Подводный мир» Мақсаты: Дать представление о подводном мире. Рассказать об обитателях подводного мира, об удивительном красоте и уникальности этого мира.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Серуенге шығайық» Мақсаты: Қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4м), оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3м) орнынан биіктікке секіру; жіптен, сызықтан секіру; оң және сол аяғын кезектестіріп; биіктіктен; 20 см дейінгі биіктіктегі зат үстінен секіру. 2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Р» дыбысымен және әрпімен таныстыру Мақсаты: «АРА», «АРПА» сөздеріне дыбыстық талдау жасау. Буындарды оқу: РА, РҰ, РО, РӨ және қысқа сөздерді оқу:	1. Өзін –өзі тану Тақырыбы: «Менің есімім» Мақсаты: Әрбір баланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғындыру, адамның есімі, оның адамға қандай міндеттер жүктейтіні туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым қатынасқа тәрбиелеу. 2. Ағылшын тілі Тақырыбы: «Seasons» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерінің ағылшын тілінде сипаттап, айларды атай білуге үйрету. [ei] дыбысына фонетикалық талдау жасау. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Түсіну, есте сақтау, логикалық ойлауын дамыту. Зейінді болуға тәрбиелеу. Табиғатқа деген қамқорлыққа сүйіспеншілікке	1. Мүсіндеу Тақырыбы: «Алтын балық» Мақсаты: Мүсіндеудің әр түрлі әдіс – тәсілдеріне машықтандыру. Балық бейнесін мүсіндей білуді үйрету. Мүсіндеу арқылы қол қимыл қозғалыстарын дамыту. Бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу. 2. Құрастыру Тақырыбы: «Жаңғақ қабығынан құрастыру» Мақсаты: Балаларды табиғи материалдардан грек жаңғағын пайдалана отырып, бүтін затты құрап өз ойынан шығармашылық танытуға үйрету. Ұсақ қол моторикасын жақсарту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

	<p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Терезе алдында не өсіп тұр?» Мақсаты: Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мінез-құлық пен «жаңаны танысам» деген құлшыныстарын дамыту.</p> <p>3.Сурет салу Тақырыбы: «Қызыл-жасыл жапырақтар» (акварель) Мақсаты: Түстерді ажырата білуге, көркемдік талғамын қалыптастыру. Кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру. Бояу түстерін алмастырып отыруға, көңіл-күйге сәй Кес жаттықтыру. Жапырақ тар бейнесін беруде қылқа ламды ыңғайлы қолдануға дағдыландыру.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Серуенге шығайық» Мақсаты: Бір орында тұрып, алға қарай 3-4м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап; түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) секіру.</p>	<p>Пополнить словарный запас детей (морской конек, кальмар, скаты, морской угорь, морские ежи)Развивать творческие способности детей.</p> <p>3.Музыка Тақырыбы: «Жомарт күз» Мақсаты: Музыканы тыңдап,әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Есту қабілеттерін , орындаушылық қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>АРА,ОР,НАР.Сөйлем құрау. Сөйлеммен танысайық. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру.Суретке қарап сөйлем құрау.Жоғарғы және төменгі жағында имектері бар ұзын және қысқа таяқшаларды салу.</p> <p>3. Апликация Тақырыбы: «Көркем күз» Мақсаты: Балаларға қосымша құралы ретінде түстерді пайдалана білдіру қабілетін дамыту үшін қағаз түстері мен көлеңкелерді үйлестіре таңдау қабілеттерін жетілдіру. Қағаз бетіне көркем композиция жасау мүмкіндігін қалыптастыру</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Серуенге шығайық» Мақсаты: Қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4м), оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3м)орнынан биіктікке секіру; жіптен,сызықтан секіру; оң және сол аяғын кезектестіріп; биіктіктен; 20 см дейінгі биіктіктегі зат үстінен секіру.</p> <p>4.Музыка Тақырыбы: «Жомарт күз» Мақсаты: Музыканы тыңдап,әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Есту қабілеттерін , орындаушылық қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>3.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күз жомарт» Е.Өтетілеуұлы (жаттау) Мақсаты: Балалардың табиғат жыл мезгілдерімен тығыз байланысты екенін, жылдың төрт мезгілінде табиғат құбылыстырының әр түрлі болатынын, табиғат адамдарға өз сыйын жылдың күз мезгілінде сыйлайтын түсіндіру. Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып, өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқып жеткізу. Күз байлығы ақдамдардың еңбегімен келетінін ұғындыру, оны бағалай білуге тәрбиелеу</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	<p>1.Бақылау. Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер»деген ұғымды қалыптастырып,камқорлықпен қарауға үйрету.</p>	<p>1. Бақылау. Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау. Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін жалғастыру. Оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу. 2.Еңбек. Жерге түскен ағаштың бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балаларды жұмыстарын ұқыпты жасауға</p>	<p>1.Бақылау. Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер»деген ұғымды қалыптастырып,камқорлықпен қарауға үйрету.</p>	<p>1. Бақылау. Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау. Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін жалғастыру. Оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу. 2.Еңбек. Жерге түскен ағаштың бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балаларды жұмыстарын ұқыпты жасауға үйрету. 3.Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау,</p>	<p>1.Бақылау. Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер»деген ұғымды қалыптастырып,камқорлықпен қарауға үйрету.</p>

	<p>2.Еңбек. Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>3.Қимылдық ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p> <p>4.Жеке жұмыс. Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>5.Еркін ойындар. Әткеншекке ойнау, оларды бақылау.</p>	<p>үйрету.</p> <p>3.Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p> <p>4.Жеке жұмыс. Жұмбақтар шешейік.Мақсаты: балаларды тапқырлыққа баулу.</p> <p>5. Еркін ойындар. Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау.</p>	<p>2.Еңбек. Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>3.Қимылдық ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p> <p>4.Жеке жұмыс. Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>5.Еркін ойындар. Әткеншекке ойнау, оларды бақылау.</p>	<p>айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p> <p>4.Жеке жұмыс. Жұмбақтар шешейік.Мақсаты: балаларды тапқырлыққа баулу.</p> <p>5. Еркін ойындар. Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау.</p>	<p>2.Еңбек. Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>3.Қимылдық ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p> <p>4.Жеке жұмыс. Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>5.Еркін ойындар. Әткеншекке ойнау, оларды бақылау.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі және дұрыс бүктеп қоюға дағдыландыру. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Астарың дәмді болсын! Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	Музыкалық құралдан тыңдату арқылы «Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	Ертегілер, әңгімелер оқып беру. Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	Бесік жыры «Әлди-әлди бөпешім» әнін музыкалық құралдан тыңдату Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	«Шалқан» ертегісін оқып беру Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы	«Құлыншағым» әнін музыкалық құралдан тыңдату. Мақсаты: баланың ұйқысының тыныш болуы
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	<p><u>2.Керует жанындағы жаттығулар</u></p> <p>- Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу.</p> <p>- Қол белде, оңға, солға иілу .</p> <p>«Отырайық жүрелеп, Гүлді үзіп алайық. Орнымыздан түрегеп, Басқа гүлге барайық».</p> <p>- Қолымыз иықта, алға, артқа есу.</p> <p>- Қол белде оң аяқпен 3рет, сол аяқпен 3 рет, қос аяқтап 3рет секіру.</p> <p>- Кілемге жатып, аяқты созып, бірге көтеру қалыпқа келу.</p> <p>- Аяқты алға созып көтеру, қайшылау, түсіру.</p> <p>- Саппен жүріп өту. (7-8 рет) Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.</p>				
Бесін ас	Астарың дәмді болсын! Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				

Ойындар, дербес әрекет	1.Дидактикалық ойын: Сандарды суретіне қарап сәйкестендір. 2. Табиғат бұрышындғы гүлдерді суару, қопсытып –шаңын сұрту	1.Логикалық ауызша жұмбақтар шешу 2 Дидактикалық ойын: «Біреуі артық» Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету.	1.Вариативтік компонент «Әдептілік әліппесі» Тақырыбы: «Мейірімділік» Мақсаты: Балалардың «мейірімділік» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту, мейірімді істер атқаруға ынталандыру . Өзара сыйластық, достық, туралы әңгімелей отырып, нақыл сөздер, өлеңдер, тақпақтар арқылы тілдерін, балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. 2. Дидактикалық ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету	1.Вариативтік компонент: «Логика» Тақырыбы: «Жұмбақтарды шеш» Мақсаты: Берілген суреттер бойынша жұмбақтың шешуін тауып суреттерді бояу, арқылы ой-өрісін дамыту. 2. Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу Мақсаты: балаларды үлкендерді сыйлауға, оларға көмектесуге үйрету.	1.Вариативтік компонент: «Биле, биле, балақай» Тақырыбы: «Қазақ» биі Балаларға қазақ биін үйрету рухани үлгі. Қазақ биінің мәдениетін ауызша түсіндіріп, әуенін тыңдатып, қимылдарын көрсету. табиғат сұлулығын би арқылы сезіммен жеткізуге үйрету. Қазақ биін билеу кезінде аяқтың, қолдың, белдің әдемі қозғалуын қадағалау және патриоттық сезіммен билеуге үйрету. 2. « Біз бақытты балдырған» «Сикырлы фломастер» еркін сурет салу. Расқраска кітапшаларын бояту. Мақсаты: бояу кезінде бірінғай қалыпта боятып үйрету. Түстерді дұрыс таңдай білуді және атату.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	1.Нұрислам сурет бойын ша әңгіме құрастырту	1.Алмазға тілдік жаттығу жасату.	1. Алимжан 16 желтоқсан күніне арналған қазақ тіліндегі тақпақты жаттату	Іңкәр ертегі құрастырып айтқызу.	Нұрайға сөрелер дің шаңын сүркізу.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы	Балабақша төлем ақысын тексеру.	Сұңқар мен Арафаттың ата анасына тақпақтарын жататуға көмектесуін ескерту.	Балаларға тәуелсіздікке байланысты тақпақтарын жаттатуға көмектесу.	Қыс мезгіліне байланысты балалардың киімдерін ескерту.	Балалардың шашын, тырнағын алып кеуін ескерту.

Тексеру күні ----- 2019ж

Бекітемін: Уразалина С.Б.

Желтоқсан айының 1 апта 02-06 аралығындағы ересектер №2 «Қарлығаш» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі ай тақырыбы: «Менің Қазақстаным»

Апталық тақырыбы: «Тарихқа саяхат»

Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Тәрбиеші: Қожахмет Л

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.12.2019ж	Сейсенбі 03.12.2019ж	Сәрсенбі 04.12.2019ж	Бейсенбі 05.12.2019ж	Жұма 06.12.2019ж
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Елін сүйген-Елбасы туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)		«Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін» Мақсаты: мамандықтар туралы білім беру.	«Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру Мақсаты: отбасы туралы білімдерін кеңейтіп, суреттермен жұмыс ажасауды үйрету.	«Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер» Мақсаты: үй жануарларын олардың төлдерін таныту.	Сөздік ойын «Қимылын көрсет» Мақсаты: балаларды айтылған сөзді қимылға аударып үйрету.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, нанның қикымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі		1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Көрмеде». Мақсаты: а) 5-ке дейін санау қабілетін күшейту; реттік санау дағдысын қалыптастыру; ә) геометриялық фигуралардың атаулары туралы білімін пысықтау; талдау және салыстыра алу қабілетін арттыру; б) реттілікті сақтай білуге тәрбиелеу. 2. Апликация Тақырыбы: "Арба" Мақсаты: Балаларға көне көлік түрі арбамен туралы мағлұмат бере отырып, түрлі геометриялық пішіндерді қиып, қағаз бетіне кеңістікті бағдарлай отырып, жапсыруды дағдыландыру. эстетикалық талғамдарын арттыру. Балаларды еңбекке тәрбиелеу. 3. Орыс тілі. Тақырыбы: «Путешествие в нашу историю» Мақсаты: Учить детей рассказывать о своей Родине, о	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «О» дыбысымен әрпін таныстыру Мақсаты: Буын туралы түсінік беру. Сөздерді буынға бөлуге үйрету. «Буын», «Дауысты дыбыс» терминдерімен таныстыру. Көлбеу таяқшаларды салу, «Көбелекті» штрихтау 2. Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Достық неден басталады?» Мақсаты: «Дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру, достарға деген мейірімді қарым қатынасқа үйрету, достаса білуге тәрбиелеу. 3. Музыка Тақырыбы: «Сүйікті қалам Алматы» Мақсаты: Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс	1. Мүсіндеу Тақырыбы: "Торсық" Мақсаты: Қазақтың ұлттық бұйымы-торсықпен таныстыру және қазіргі кездегі термосты пайдаланатыны туралы түсініктерін кеңейту, торсықты ермексизден мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету, торсықты әртүрлі тәсілдермен безендіру. 2. Ағылшын тілі Тақырыбы: «About Kazakhstan» Мақсаты: Балаларды Отанымыздың тарихымен таныстыру. Сөздік қорларының белсенділіктерін арыттыру. Отанға деген сүйспеншілікпен бірге мақтанш сезімдерін ояту. Отанға туған елге деген патриоттық сезімге тәрбиелеу. Ағылшынша сұрақ қойып, оған жауап беруге дағдыландыру.	1. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Халық емі» Мақсаты: Жұқпалы аурулардың түрлері, берілу жолдары, алдын-алудың негізгі шаралары туралы түсінік беру. Тазалықты, гигиеналық дағдыларды сақтаудың қажеттілігін түсіндіру. 2. Сурет салу Тақырыбы: «Тостаған» Мақсаты: Балаларға ыдыстар туралы мағлұмат беруді оның ішінде көне заттармен қазіргі заманның дүниелерін таныстыруды жалғастыру арқылы бейнелеу өнеріне қызығушылықтарын арттыру. Қылқламның көмегімен тостағанның суретін салуды үйрету. 3. Драма Тақырыбы: «Қойшы, түлкі және аю» (қуыршақ театры) Мақсаты: Үйлесімді қимылды дамыту, әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің эмоциялық бейнесін бере білу,

		<p>своем городе. Познакомить детей со словами: город, улица, адрес, республика, столица. Закрепить умение составлять небольшой рассказ: «Мы живем в республике Казахстан. Столица Казахстана – Астана. Я живу в городе Атырау Мой адрес...».</p> <p>Пополнять словарный запас детей по теме.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мұражайға барамыз» Мақсаты: Жіпті екі қолға кезек-кезек ауыстыра ұстап, кең адыммен жүруге жаттықтыру. Жүру барысында сапқа тұру, 2-3 сап құрып тұру: аяқты түзу алға сермей, кең адыммен жүгіру, жеңіл жүгіру, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.</p>	<p>биіктігін, ырғақты мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би кимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру .</p>	<p>3.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мұражайға барамыз» Мақсаты: Дене сымбаттылығын қалыптастыру мақсатында жұмыс жасау. Еденде созылып жатқан арқан үстімен бір қырымен(өкше арқан үстінде, аяқ ұшы еденде) жүруді үйрету. Қолды жоғары шетіне тигізбей, оң және сол жақ бүйірмен шығыршықтан өтуді үйрету.</p>	<p>түрлі қуыршақтарды қолданып, олармен ойнау тәсілін игере білуді дамыту, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.</p> <p>4.Экология негіздері Тақырыбы: «Арал теңізі» Мақсаты: балаларға теңіз туралы мағлұмат беру. Бұрынғы және қазіргі кездегі Арал теңізі туралы түсініктерін кеңейту, бейнероллик арқылы көргендерін есте сақтауға, табиғатқа деген сүйіспеншілікке оны қорғай білуге деген ынғасын тәрбиелеу.</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
